

Дәріс № 3

Тақырып: Көйлек және жейделік бұйымдарына арналған материалдарды конфекционерлеу

Көйлектік маталар- преискурантта көйлектік маталар топқа және топшаға бөлінеді: жаздық, мезгіларалық, қыстық және комплексті химиялық жіп қосылған маталар. Бұл топқа ерлер жиделеріне арналған маталары да кіреді.

Топшадғы **жаздық маталары** жеңіл және жақсы өткізгіштік қасиетіне ие. Көбінесе бұл маталар жұқа тарақты иірім жіптен (14,3-7,5 текс), жоғарыланған орау өрімінен алынады. Беттік тығыздығы 54-110г/м². Гигроскопиялығын жоғарлату және түріне жібектік жарқырау беру үшін матаны мерсерлейді. Жаздық маталарында ассортименттің үлкен орнын кездеме өрімімен өрілген классикалық маталар алады. Олар: батист, маркизет, майя, сарапшаң(бетперде), вольта және ұсақ оюланған өрімдер- канифас, кисея және т.б.

Батист, майя, вольта- өрілмеген тарақты иірім жібінен жасалады. Олар жұмсақ және жібекті жарқырау қасиетіне ие.

Маркизет- муарды эффектісі бар, жоғары дәрежелі көйлектік мата. Ол өте жұқа тарақты, өрілген иірім жіптен алынады. Өрілген иірім жіпті қолданылғанда мата жоғарыланған серпімділік қасиетіне ие болады.

Сарапшаң(бетперде)-маркизеттің қалың түрі. Ол жоғары серпімді, қатты және үгітілгіш болады.

Канифас- орташа қалың қардты өрімі бар және рельефті сурет басылған мата.

Үлкен емес топты көйлектік маталар құрайды. Олар тығыз структура мен қатты аппретті, яғни балалар және әйелдер көйлектері мен костюмге арналған. Осы топшаларда 33%- ті жоғары модульді талшықтары бар, сиблон мақталары болады. Неғұрлым жеңіл түрлері болса да (мысалы: «Полянка»), соғұрлым тығыз және ауыр түрлері болады (мысалы: «Сиблонка»).

Беткі жағында жарқырайтын эффект беретін, желістегі мақта иірім жібі мен өрілмеген вискозды немесе ацетатты арқаудағы жіптерден топшадағы көйлектік, комплексті жіптерден тоқылған мата шығарылады. Олар кездемелі, әртүрлі ұсақ оюланған немесе жақартты өрімдерінен шығарылады. Маталар ағартылған, тегіс боялған немесе сурет басылған болуы мүмкін. Беттік тығыздығы 100-250г/м². Әйелдер және балалар жаздық киіміне, көйлекке және ерлер жиделеріне қолданады.

Мезгіларалық көйлектік маталар- үлкен тығыздықпен, орташа беттік тығыздығымен (106-210г/м²) және әртүрлі құрылымымен ерекшеленеді. Бұл маталарға құрылысы мен жуандығына байланысты иірім жіптің көп түрлері болады. Олар: қардты, тарақты, пневмомеханикалық өру әдісі (83-5,8 текс), бір қабатты жіп, иірілген және фасонды. Бұл маталарды кездемелі, саржды, ұсақ оюлы және жақартты өрімдерден алынады. Оларда ауаөткізгіштік қасиеті аз, сондықтан да жылусақтағыштық қасиеті жақсы болады. Бұл топшада салт-дәстүрлі *шерстянка, кашемир, шотландка* және т.б. болады. Олар жаңа сәнді тігу мен сурет басу арқасында жаңарады.

Шерстянка- бір қабатты жіптің, қардты иірім жіптің мықты өрімінен алынған мата. Беттік тығыздығы 131г/м².

Шотландка- желіс жібі бойынша иірілген, арқау жібі бойынша иірілмеген (көбінесе). Саржды өрімді, торлы, классикалық түрлі түсті мата. Кейде кездемелік немесе ұсақ оюлық өрімнен алынады. Тор құрылу кезінде фасонды иірім жіпті қолданады. Мата тығыздығына, жеңілдігіне (95-158г/м²), эластикалылығына ие болады. Әйелдер және балалар көйлегіне, және де ерлер жиделеріне кең қолданады.

Кашемир- саржды, шотландкаға ұқсас болып келеді, бірақ, тегіс боялған немесе сурет басылған болып шығарылады. Жеңіл (132г/м²- дейін) және ауыр (182г/м²- дейін) болады. Бұл жеңіл эластикалық, тозуға төзімді матаны әйелдер және балалар көйлегіне қолданады.

Көйлектік крeп- иірілген тарақты мықты өрімді иірім жіптен алынады. Мезгіларалық маталарда жиделік мата 60% орын алады. Олардың арасында көп орын салт-дәстүрлі ши-ши маталары алады. Олар: поплин, репс, тафта, пике және т.б.

Поплин- матасы желіс бойынша жіңішке иірілген тарақты иірім жіптен және арқау бойынша өте қалың иірім жіптен өріледі. Ол тығыз мата болып келеді. Поплин ағартылған тегіс боялған және сурет басылған түрінде болады. Беттік тығыздығы 105г/м².

Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:

1. Классикалық ассортименттегі қандай көйлектік маталар «кашемир» тауымен шығарылған және қазір де шығарылады
 - A) саржалы айқаспалы жүн және жартылай жүн маталары
 - B) жартылай жүн маталары
 - C) мақта матасы
 - D) зығыр матасы
 - E) қазір шығарылмайды
2. Киімнің қандай түрлері үшін сенімділік талаптары екінші орында қалдырылады және екінші ретті мағынаға ие болады
 - A) күнделікті және үйге арналған киімдер үшін
 - B) көйлектер, блузкалар және ішкі киімдердің барлық түрлері үшін
 - C) сәнді киімдер үшін
 - D) үй киімдері үшін
 - E) күнделікті және сәнді киімдер үшін
3. Материалдардың форма тұрақтылығы қандай факторларға байланысты
 - A) талшықтың құрамына, талшық пен жіптің құрылысына, өрімнің түріне, тығыздығына және т.б.
 - B) матаның құрылымы (матаның және жіптің құрылысы)
 - C) матаның және өрімнің тығыздығы
 - D) матаның өңделуі
 - E) құрылымдық сипаттамасының қатаңдығы
4. Тығыз құрылымды материалдарға қарағанда , бос құрылымды материалдардың пішін тұрақтылығы қандай болады
 - A) нашар
 - B) бірдей
 - C) жақсы
 - D) құрылымына қарап пішін тұрақтылығын анықтауға болмайды
 - E) екі жағдайда да пішін тұрақтылығы нашар
5. Қолданылған материалдардың талшықты құрамы бұйымды құрау (конструирование) сатысында қалай әсер етеді
 - A) форма құрау әдісін таңдауға әсер етеді
 - B) пішіп-кию құрылғысын таңдауға әсер етеді
 - C) тігін бұйымдарының бөлшектерінің біріктіру тәртәбіне және тігу құрылғысын таңдауға әсер етеді
 - D) мүлдем әсер етпейді
 - E) барлық операцияларға әсер етеді
6. Қолданылған материалдардың талшықты құрамы бұйымды тігу кезінде қалай әсер етеді
 - A) форма құрау әдісін таңдауға әсер етеді
 - B) пішіп-кию құрылғысын таңдауға әсер етеді
 - C) тігін бұйымдарының бөлшектерінің біріктіру тәртәбіне және тігу құрылғысын таңдауға әсер етеді
 - D) мүлдем әсер етпейді
 - E) барлық операцияларға әсер етеді

Қолданылған әдебиеттер:

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.
2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с
4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с. <https://new.znanium.com/read?id=349442>
5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стельмашенко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>